

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ

Сыныптан тыс іс-шара
**«ЖҚТБ ауруынан қорғану салауатты
өмір салты»**

Откізген: 1-4 класс жетекшілері

2024-2025 жыл

Бекітемін: *Негифел*
МДТЖО Р.М.Жаңабаев

Күні: 21.02.2024

Сабактың тақырыбы: «ЖҚТБ ауруынан қорғану салауатты өмір салты» пікірлесу.

Сабактың түрі: Арасас сабак.

Оқыту әдісі: Әңгіме, пікірталас

Сабактың мақсаты:

1. Білімділік мақсат: АҚТК/ЖҚТБ туралы негізгі және жұқпалы ауру екендігі туралы мәліметтер беру.
2. Тәрбиелік мақсат: АҚТК - ның жүргү және қорғану жолдарын итеруге тәрбиелеу. Окушылардың қорғану жөніндегі іс әрекеттерін қадағалау.
3. Дамытушылық мақсат: Окушыларды АҚТК жұқпасымен және ЖҚТБ туралы бар білімдерін әрі қарай дамыта отырып, тәрбиелеу. Оқытудың техникалық құралдары және көрнекі құралдар: интерактивті тақта, қосымша әдебиеттер, окулық, маркер, ақ қағаз.

Сабак барысы

1. Үйымдастыру кезеңі.

• Сәлемдесу

2. Окушылардан жаңа тақырып бойынша жалпы бар білімін тексеру.

Сауалнама

Сіз ЖҚТБ - ауруы туралы не білесіз?

Ф. А. Ж. _____

Топ _____

№ Сұрақтар Ия, жоқ, білмеймін.

1 ЖҚТБ ауруы туралы түсінігіз бар ма?

2 ЖҚТБ жұқпалы ауруға жата ма?

3 Жынысына қарай үлken - кіші демей ЖҚТБ жұқпалы ма?

4 ЖҚТБ жұғатын кезеңдер:

а. Жыныстық қатынаста.

б. Медициналық инені пайдалануда.

в. Қан ауыстырғанда.

г. Қолмен сәлемдесу.

д. Асхана ыдыстарын пайдаланғанда.

е. Көпшілік әжетханага барғанда.

ж. Сілекей арқылы, түшкіргенде.

з. Көздің жасы арқылы.

и. Көпшілік орында шомылғанда.

й. Анасынан жаңа туган балага.

к. Жезекшемен кездескенде.

5 ЖҚТБ – га қарсы уколмен салатын дәрі бар ма?

6 ЖҚТБ ауруын емдеуге бола ма?

7 АҚТК – жұқтырылған адам дайындаған тағамды ішуге болады ма?

8 ЖҚТБ – мен ауырган адамның бетінен сую қауіпті ма?

9 АҚТК – ны жұқтыруға болады, егер мүшекап пайдаланбай, тек бірақ қатынаста болсаң?

10 Мүшекапты дұрыс пайдалану АҚТК – ны жыныс жолдар арқылы беруден құтылуға көмектеседі ма?

3. Жаңа білім беру.

• Мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіре отырып және тақтага жазады.

АКТҚ – адамның корганыш тапшылық қоздыргышы.

ВИЧ – вирус иммунодефицита человека.

ЖКТБ – жұқтырылған корганыш тапшылығының белгісі.

СПИД – синдром приобретенного иммунного дефицита.

ЖКТБ алғаш рет 1981 жылы АКШ – та тарай бастады, есірсе ауруларды бакылау

орталығы гомосексуалистер арасында ерекше инфекция санының көбеюін туғызды.

Осы уақытқа дейін бұл инфекция тек қана қорғау механизмдері онкоауруларымен

закымдалған немесе иммундық жүйені әлсіретегін дәрілерді ішетін адамдарға ғана

кездесетін.

Жаңа ауруды негізгі себебі иммундық жүйенің бұзылуы және жетпеуі екені, бұл

жетіспеушілік вирус арқылы шакырылған, кейін бұл вирус АКТҚ (адамның корганыш

тапшылық қоздыргышы) деп аталды. Вирус 1983 жылы ашылды.

Бәлкім, АКТҚ ғасырлар бойы қауіпсіз түрде өмір сүріп, тек жаңа қазіргі уақытта

агрессивті жағдайға көшкен болар. ЖКТБ - ні зерттеу әлі күнге дейін жалғасуда, бірақ ең

маныздысы мыналарды білу керек.

ЖКТБ мәселелері әлі де бірнеше онжылдыққа дейін әлемде сақталады, тіпті оған керек

вакцина немесе емдеу жолы табылса да.

АКТҚ инфекциясын одан ары таратудан аулак болу үшін жекеленген, қогамдық,

мемлекеттік және халықаралық дәрежеде бірқатар шаралар қолданылады.

АКТҚ мен ЖКТБ аралығындағы айырмашылығы.

Айырмашылығы

АКТҚ ЖКТБ

Ұсак вирус, кәдімгі микроскоппен көруге болмайды. АКТҚ тудыратын ауру, адам ағзасына кіріп иммундық жүйені бұздады. Вирустар әр түрлі ауруды тудырады, тұмаудан бастап, ақыр аяғы рактың кейбір түрлерін АКТҚ – мен закымдалғанын, яғни вирустың ағзага кіргенін білдіреді, бірақ ауру әлі байқалмайды. Қазіргі уақытта ЖКТБ – ге қарсы вакцина немесе дәрі жок. АКТҚ – нің әсерінен иммундық жүйенің әлсіреуі нәтижесінде ағзада инфекция дамиды, ол оппортунистік деп аталады, ары қарай ол өлімге әкеліп соктырады. Оппортунистік инфекция – бұл инфекция (туберкулез, пневмания), асқазан, ішек инфекциялары (диарея, стоматит), бас миңың инфекциясы (токсоплазмоз, рак ісіктері, менингит).